

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы

## ● «Қарты бар үйдің-қазынасы мол»

№5 «Ақбота» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Мұқанбетова А.К.

Басауова Г.Г.

2024 оқу жылы

Күні: 01.10.2024ж

№5 «Ақбота» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Мұқанбетова А.Қ.

Такырыбы: «Қарты бар үйдің-қазынасы молъ»

Мақсаты: Өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену. Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сініру, үлкенде сыйлауға тәрбиелу.

Көрnekіліктер: отбасы мүшелерінің суреттері, слайд, видеоролик.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелу, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

Шаттық шенбер:

Есенсіз бе, ұлагатты қарттарым,  
Бабалардың бойға жиған салттарын  
Өзініздей ұлагатты болуға,  
Өсиетінді жүргімде сақтадым.

- Тәрбиеші: Жарайсындар рахмет. Енді орнымызға жайғасайық.  
Балалар ұйымдастырылған оку қызметімізді бастамас бұрын, алдымен сендерге сұрақ койғым келіп отыр.  
Қазір жылдың кай мезгілі? (Күз)  
Күз мезгілінде қанша ай бар? (ұш ай бар)  
Атайықшы? (Қыркүйек, Қазан, Қараша)  
Дұрыс айттындар.  
Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болады? (Білім күні, Республика күні)  
Жарайсындар.  
Ал қазан айында қандай мерекелер бар білесіндер ме? (Ұстаздар күні, Республика күні)  
Дұрыс айтасындар.  
Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да мерекелер бар.  
Ол 1-қазан карттар күні.  
Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған ашық оку қызметіміз қарттар күніне арналмақ.  
● Мен сендерге жұмбак жасырайын.  
Жұмбак:  
Айтары мол ғұлама  
Көп жасаған бұл адам  
Әкесі ол әкесінің  
Білер оны сұраган  
Ол кім (Ата)

Аймалайды «Күнім» деп,  
Мейірімді жүзі күлімдеп  
«Тәтті –ак» дейді немере,  
Бал шырындай үнің деп  
Ол кім? (әже)

● Тәрбиеші: Бүгін қарттар күніне орай бізге қонаққа Кенесарының әжесі келді.  
Әженің жасы 82 жаста

Балалар шаршаған шығарсындар, ортаға шығып бір сергіп алайық.

Сергіту сәті:

Шенберіп болып тұрайық

Керегені құрайық

Уық болып иіліп

Шаңыраққа иіліп

Қазақ үйді құрайық,

Жарайсындар орынымызға отырайық

Тәрбиеші: Олай болса әжеміздің жаын берсін деп батасын алайық.

Қортынды: Қазактар-«Төріңнен карт кетпесін» деп тілеген халық.

Жасы үлкенге құрмет ету, карттың бүтілген беліне сүйе болу-біздің ата дәстүріміз .Өзінді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында парыз-міндеті өлшеусіз.

«Балаларым, рахмет сендерге!

Балаларым болмасын деп бос кеуде,

Қобызыңмен қосып ән мен тіл брдің,

Өмірге мен мылқау болып енгенде

Балаларым, рахмет сендерге!», -деп Мұқагали Мақатаев атамыз айытқандай міне, балалар, біз өзіміздің ата –әжелеріміз алдында қарыздармыз.

Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз. Қарттарымызды ардақтап өтейік ! Оларды сыйланадар, қадірлендер!

Балаларды мадақтау бағалау.

